

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Оқу-ағарту
және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық
кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.
Zoom

№ 1

2025 жылғы 20 ақпан
11.00 сағат

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Руслан Қаратабанов, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің төрағасы Дәуенов Ернұр Нұрланұлы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Қалмақов Ерлан Болатұлы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Рахметова Жанар Исахметқызы, «Қаржы орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы Ибраимов Асқар Ізімбайұлы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру Комитетінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы және бастауыш білім беру пәндерін мазмұндау және әдіснамалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы Муздыбекова Гүлсила Орынбекқызы

Күн тәртібі:

1) 2026 білім берудің жаңа стандартын енгізуге дайындық

Педагогикалық этиканың жаңа ережелері (ҚР БҒМ 11.05.2020 жс. № 190 Бұйрығы)

1.1. Баяндамаларды тыңдап талқылағаннан кейін:

- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Вице-президенті Руслан Қаратабанов;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің төрағасы Дәуенов Ернұр Нұрланұлы;
- Қоғамдық кеңес мүшесі Кауров Станислав Сергеевич.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

1.2. Сөз сөйлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

1.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

- 1) Білім берудің жаңа стандартын енгізу бойынша ақпараттық жұмысты жандандыру;
- 2) Педагогикалық этика қағидаларына өзгерістер қабылдау кезінде қолданыстағы нормаларға, олардың құқық қолдану практикасына талдау жүргізу, сондай-ақ педагогикалық қоғамдастықпен жаңалықтарды талқылау.

2) Білім беру ұйымдарында бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру.

Түзеу мекемелері, ауруханалар, кешкі мектептер жанындағы білім беру ұйымдарының қызметі

2.1. Баяндаманы тыңдап талқылағаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаментінің директоры Қалмақов Ерлан Болатұлы.

- Қоғамдық кеңес мүшесі Кауров Станислав Сергеевич.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

2.2. Сөз сөйлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

2.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

1. Оқу жылының қорытындысы бойынша Бірыңғай білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша студенттердің пікірлерін зерделеу;

2. Бағдарламаны жаңарту кезінде өңірлік ерекшеліктерді ескеру, мектептердің жеке бағдарламаларына арналған блокты қарастыру қажет.

3) «Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына өзгерістер енгізуге қатысты

3.1. Баяндаманы тыңдап талқылағаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Рахметова Жанар Исахметқызы;

- «Қаржы орталығы» АҚ басқарма төрағасы Ибраимов Асқар Ізімбайұлы;

- Қоғамдық кеңес мүшесі Құдайкулова Динара Нұрланқызы.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

3.2. Сөз сөйлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

3.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылсын:**

1. Астана және Алматы қалаларындағы мемлекеттік білім беру тапсырыстарын алатын жекеменшік орта білім беру ұйымдарында білім алу үшін ата-аналар төлемінің шекті мөлшері 500-600 МРП дейін қайта қаралсын.

2. Жеке орта білім беру ұйымының нысанының жобалық қуаты 200 (екі жүз) оқушы орыннан кем болған жағдайда Оператордың өтінішті қараудан бас тарту құқығын алып тастау (Ереже 57-тармақ).

3. Ата-ана төлемінің шекті мөлшерін азайту және жобалық қуат бойынша шектеулер енгізу жөніндегі ұсынылған өзгерістерді зерттеу, сондай-ақ олардың бәсекелестікті қорғау заңнамасына сәйкестігін тексеру. Қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органға түсініктеме алу үшін жүгіну.

4. Барлық мүдделі тараптармен жоспарланған өзгерістер бойынша тыңдаулар өткізу.

4) «Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығына өзгеріс енгізуге қатысты

4.1. Баяндаманы тындап талқылағаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы және бастауыш білім беру пәндерін мазмұндық-әдістемелік қамтамасыз ету басқармасының басшысы Мұздыбекова Гүлсила Орынбекқызы;

- Қоғамдық кеңес мүшесі Құдайкулова Динара Нұрланқызы.


Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ**:

4.2. Сөз сөйлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

4.3. Талқылау нәтижелері бойынша **Оқу-ағарту министрілігіне ұсынылсын:**

1. Қашықтан оқыту ұйымын ұйымдастыру жөніндегі нормалар мен ережелерді әзірлеу кезінде дамыған онлайн-білім беру тәжірибесін ескеру, оқушылар контингентінің пайыздық мөлшерін шектемей, ата-аналар қауымдастығы мен педагогтердің пікірін зерттеу, Қазақстандағы қашықтан оқыту тәжірибесіне мониторинг жүргізу (мектептер, колледждер);;

Қоғамдық кеңестің
төрағасы



А. Бектурганов

Қоғамдық кеңестің
хатшысы



А. Исаев